

8. Гражданский Кодекс Республики Беларусь [Электронный ресурс] : 7 дек. 1998 г., № 218-З : принят Палатой представителей 28 окт. 1998 г. : одобр. Советом Респ. 19 нояб. 1998 г. : в ред. Закона Респ. Беларусь от 31.12.2021 г. // КонсультантПлюс. Беларусь / ООО "ЮрСпектр", Нац. центр правовой информ. Респ. Беларусь. – Минск, 2022.
9. Шершеневич, Г. Ф. Учебник русского гражданского права : (по изд. 1907 г.) / Г. Ф. Шершеневич. – М. : Спарк, 1995. – 556 с.
10. Брагинский, М. И. Договорное право : в 5 кн. / М. И. Брагинский, В. В. Витрянский. – 2-е изд., стер. – М. : Статут, 2011. – Кн. 3 : Договоры о выполнении работ и оказании услуг. – 1053 с.
11. Гражданское право : учебник : в 4 т. / В. С. Ем [и др.] ; отв. ред. Е. А. Суханов. – 3-е изд., перераб. и доп. – М. : Волтерс Клувер, 2004–2006. – Т. 3: Обязательное право. Общие положения об обязательствах и договорах. Обязательства по передаче имущества в собственность. Обязательства по передаче имущества в пользование. Обязательства по производству работ / В. В. Витрянский [и др.]. – 2006. – 766 с.
12. Файзулин, В. Р. Договор строительного подряда по российскому гражданскому праву : автореф. дис. ... канд. юрид. наук : 12.00.03 / В. Р. Файзулин ; Современ. гуманитар. акад. – М., 2005. – 20 с.
13. Мокров, С. Н. Договор строительного подряда : автореф. дис. ... канд. юрид. наук : 12.00.03 / С. Н. Мокров ; Волгогр. акад. М-ва внутр. дел Рос. Федерации. – Волгоград, 2006. – 22 с.
14. Галицкая, А. А. Договор строительного подряда: проблемы правовой регламентации и практики [Электронный ресурс] : науч. докл. об основ. результатах подгот. науч.-квалификац. работы (дис.) : 12.00.03 / А. А. Галицкая ; Юрид. ин-т Рос. ун-та трансп. – М., 2020. – Режим доступа: [https://ui-miit.ru/files/docs/aspirantura/dokladi/galitskaya\\_aa.pdf](https://ui-miit.ru/files/docs/aspirantura/dokladi/galitskaya_aa.pdf). – Дата доступа: 02.02.2022.
15. Об утверждении Правил заключения и исполнения договоров строительного подряда [Электронный ресурс] : постановление Совета Министров Респ. Беларусь, 15 сент. 1998 г., № 1450 : в ред. постановления Совета Министров Респ. Беларусь от 17.09.2021 г. // iLex : информ. правовая система / ООО «ЮрСпектр», Нац. центр правовой информ. Респ. Беларусь. – Минск, 2022.
16. Об архитектурной, градостроительной и строительной деятельности в Республике Беларусь [Электронный ресурс] : Закон Респ. Беларусь, 5 июля 2004 г., № 300-З : в ред. Закона Респ. Беларусь от 30.06.2019 г. // ЭТАЛОН. Законодательство Республики Беларусь / Нац. центр правовой информ. Респ. Беларусь. – Минск, 2022.

## ДЕЛИКТИЛІК ЖАУАПКЕРШІЛІКТИ АЖЫРАТУ МӘСЕЛЕСІ

*Есмаганбетов Е.С., Тусупбаева А.А.*

Жалпы азаматтық-құқықтық жауапкершілік бірнеше негіздермен ажыратылады, айтар болсақ, олар: үлесті және бірігіп жауап беру; жауапкершілік шараларын қолдану реті бойынша – негізгі және қосымша жауапкершілік; жауапкершілік мөлшеріне байланысты – үлкейтілген және шектеулі жауапкершілік; нақты жауап беруші субъектіге қатысты – өз әрекеті үшін немесе бөгденің әрекеті үшін жүктелетін жауапкершілік; жауапкершіліктің пайда болу негіздемесі бойынша шартты бұзудан пайда болатын жауапкершілік және зиян келтіруден туындайтын жауапкершілік.

Азаматтық-құқықтық шартты міндеттемені орындамаған және тиісті орындамаған үшін жүктелетін жауапкершілік деликтілік жауапкершіліктен бастау алғаны туралы ғалымдар ол туралы толық жан-жақты жазған еді [1; 98].

Жоғарыда айтылған жауапкершілік түрлерінде жауапкершілік мөлшерлері әр түрлі болуы мүмкін, деликтілік жауапкершілік мөлшері тек келтірілген нақты залал орнын толтырумен шектелсе, шартты жауапкершілікте орын толтыруға айыппұлдар қосылып, ол нақты орын алған шығын мөлшерінен асып түсуі мүмкін, басқа бір жағдайларда нақты келтірілген залал мөлшерінен төмен болуы да мүмкін (айрықша, баламалы айыппұлдар).

Ежелгі Рим құқығынан бастау алғандай азаматтық құқықта жауапкершілік мөлшері, барлық жағдайда келтірілген залал мөлшеріне сәйкес келуі тиіс, мейлі ол деликтілік жауапкершілік болсын немесе шартты жауапкершілік болсын, яғни залалды өтеу басым болады.

Яғни, жауапкершілік мөлшері келген залалдан жоғарыда емес, төменде емес болуы керек. Өкінішке орай осы ойды ұстану қиынға соғады, себебі оған заңнамамен кедергілер келтіріледі (мысалға, жауапкершіліктің кінә үшін жүктелуі және айыппұлдардың кеңінен қолданылуы);

Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің 935 бабына сәйкес (Бұдан әрі –ҚР АҚ), деликтілік жауапкершілік те жәбірленушінің немқұрайлық кінәсі ескерілмей өрескел абайсыздық кінә нысаны жауапкершілік жүктеуде ескеріледі [2]. Себебі жәбірленуші оған келетін зиянды күтпейді, демек оны жоғарылатылған ұқыптылық сақтамады деп кінәлауға болмайды. Шартты жауапкершілікте жәбірленушінің еш кінәсі ескерілмеуі тиіс, тек жәбірленушінің тәуекелі негізінде келген, жауапкершілік мөлшерін анықтау үшін залалдағы оның үлесі ескерілуі тиіс.

Екі жауапкершілік түрлерінде әр түрлі талап қою мерзімдері белгіленуі мүмкін (ҚР АҚ 187 б., 178 б.) Деликтілік жауапкершілікте талап қою мерзімі шартты жауапкершілік талап қою мерзімінен ұзақ болуы мүмкін.

Шығын орнын толтыру деликтілік жауапкершілікті және тараптар арасындағы міндеттемелік қатынасты тоқтатады. Шартты жауапкершіліктің жүзеге асырылуы негізгі міндеттемені тоқтатпауы мүмкін, яғни міндеттемені заттай орындау бойынша тараптар арасында шартты қатыныс жалғаса беруі мүмкін;

Тәжірибеде кездесетін жағдай, ол деликтілік жауапкершілікті реттейтін нормалар императивті сипатты иеленеді, ал шартты жауапкершілікті реттейтін нормалар диспозитивті сипатты иеленеді. Шартты қатынаста тараптар жауапкершілікке қатысты ережелерді өзгертуге кең мүмкіндіктер иеленеді;

Азаматтық құқық теориясымен бекітілгендей деликтілік жауапкершілікте орын толтыру заттай жүргізілуі мүмкін болса, шартты жауапкершілікте көп жағдайда орын толтыру ақшалай жүргізіледі;

Бұл жерде, мына жайтты ескергеніміз жөн, ол деликтілік жауапкершілікте бөтеннің кінәсі үшін жауап беру ұғымы жоқ, мұнда тек біреудің әрекеті үшін, бірақ өз кінәсі үшін жүктелетін жауапкершілік бар (әрекет қабілеті жоқ немесе әрекет қабілеттілігі шектеулі тұлға үшін оның қамқоршысы, қорғаншысы жауапкершілігі).

Енді болса шартты жауапкершілікте керісінше басқа тұлғаның (үшінші тұлғалар ) кінәсі үшін жүктелетін жауапкершіліктерін айтатын болсақ. Келесі деликтілік жауапкершілікте тұлға жалпы міндетті (ешкімге зиян келтірмеу міндетін) бұзса, шартты жауапкершілікте шартты міндеттемелер, яғни тараптармен шартта келісілген немесе қарастырылған міндеттер бұзылуы орын алады [3; 90]. Деликтілік жауапкершілікте құқыққа қарама-қайшылық, көбіне әрекетпен орындалады [4; 17].

Кеңес өкіметі кезінде деликтілік жауапкершілік жоғары дәрежедегі жауапкершілік ретінде танылды және бекітілді. Яғни, құқық бұзған тұлғада кінә болмаған кезде де жауапкершіліктен босатылмайды, яғни қауіпті қайнар көзбен келтірілген зиян үшін қауіпті қайнар көз иесінің жауапкершілігі жүктеледі. Шартты жауапкершілік болса азаматтық-құқықтық ережеге негізделе отыра, кінә орын алса ғана қолданылатын болды.

Барлығын ескере тұра, негізімен азаматтық-құқықтық деликтілік жауапкершілік және шартты жауапкершілік айырмашылықтары оларды реттейтін нормаларды бір-бірінен нақты ажыратуды қажет етеді.

Ғалым А.М. Белякованың айтуынша, шартты және деликтілік жауапкершіліктер бір-бірімен өзара байланысады, қиылысады сол кезде жәбірленуші құқығын тиімді қорғайтын жауапкершілік түрін қолдану керек [5; 24].

Бұл пікірмен толықтай келісеміз, себебі жауапкершілік шартты деп танылса жәбірленуші заң бойынша шығын орнын толтырумен қатар бұзушыдан айыппұлдар өндіре алады; жәбірленуші алдында нақты кінәлі емес тұлға жауап беруі мүмкін; орын толтыру тек ақшалай жүргізіледі; талап қою мерзімі заңмен қысқартылуы мүмкін; жәбірленушінің барлық кінә нысандары жауапкершілік жүктеу кезінде ескеріледі.

Ал егер жауапкершілік деликтілік деп танылса, онда орын толтыру нақты келтірілген зиян мөлшерімен шектеледі; орын толтыру заттай жүргізілуі мүмкін; тек нақты кінәлі тұлға жауапкершілікке тартылады; талап қою мерзімі ұзақ. Бұл ретте, кейбір жағдайда деликтілік жауапкершілік тиімді болып шартты жауапкершілік тиімді болмаса, екінші бір жағдайларда керісінше болуы мүмкін.

Тараптар арасында шарт жасалған болса жауапкершілік шартты болуы тиіс, шарт болмаса тиісінше жауапкершілік те деликтілік болып табылады немесе азаматтық құқықтық заңнамада көрсетілгендей несие берушіге қай жауапкершілік түрін қолдану тиімді, ол соны қолдануға құқығы бар. Яғни, азаматтың шарттық міндеттемелерді, еңбек міндеттерін, әскери міндет қызметтерін орындауы кезінде өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян, егер заң актілерінде немесе шартта көтеріңкі жауаптылық көзделмесе, бұзушыға деликтілік жауапкершілік жүктеледі (ҚР АҚ 936 бап.) [2].

Біздің елде аталған сұрақ деликтілік жауапкершілік қарамағына кіреді, оған қатысты ҚР АҚ 47 тарауынд, яғни «Зиян келтірудің салдарынан туындайтын міндеттемелер» арнайы бөлім қарастырылған (үшінші бөлім. «Тауарлардың, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің жеткіліксіздігі салдарынан келтірілген зиянды өтеу»). Ол бойынша, орын алған жағдайларда, тіпті шарт жасалсын-жасалмасын ҚР АҚ 47 тарауымен реттелуі тиіс.

Әрине, азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің басқа да құқықтық жауапкершіліктерден ерекшелігі – ол туралы нормалар оны жүзеге асырудың ерікті тәртібі де бар және содан азаматтық-құқықтық жауапкершілікті азаматтық құқық теориясында жасалып қойған құқық бұзушылықтар үшін жауап беру қажеттілігі ретінде анықтайды.

Жалпы жауапкершіліктің мақсаты міндеттеме орындалуын қамтамасыз ету болып табылады, ендігі бұл бүкіл азаматтық құқық қорғау шаралар жүйесіне тиесілі және міндеттеме орындалуын қамтамасыз етуші шаралары құқық қорғау жүйесіне кіргендіктен құндылықтар мен қызмет көрсетуді дұрыс жүруін құқық бұзудан қорғау жалпыға тең болып табылады.

Сондықтан, шартты және деликтілік жауапкершіліктерді бір-бірінен ажыратудың негізі бар екені анық және азаматтық құқықтық тәжірибеде, осы екі жауапкершілік түрлерін теориялық сондай-ақ практикалық тұрғыдан ажырату маңызды болып табылады.

Азаматтық-құқықтық шартты жауапкершілік және деликтілік жауапкершіліктердің тағы бір жерлерде өзара байланысы, ол борышқордың шартты міндеттемені бұзғаны үшін несие берушінің беделінің дұрыс дәрежеде болмауына әкеп соғады. Бұл жерде зиянды нәтиженің орнын толтыру деликтілік жауапкершілік шеңберіне қосылатыны анық. Яғни, мұнда шартты міндеттеме бұзылуы, деликтілік жауапкершіліктің туындауына толықтай негіз бар.

Жалпы азаматтық құқықта шартты және деликтілік жауапкершіліктен басқа да құқық қорғау шаралары бар екені мәлім, олар да өздерін шартты жауапкершіліктен ажыратуды қажет етеді, себебі олар шартты қатынаста қолданылады және азаматтық-құқықтық шартты жауапкершілік шараларымен өзара байланысы болып тұрады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Азаматтық құқық. 1-том. ЖОО арналған оқулық (академиялық курс) // жауап. ред.: М.К. Сүлейменов, Ю.Г. Басин. Алматы. 2000. –364 б.

2. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (ерекше бөлім) 1999 жылы шілде айының 01 күні қолданысқа енгізілді. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Жаршысының 1999 жылғы 47-48 номерлерінің жеке қосымшасы.

3. Смирнов В.Т., Собчак А.А. Общее учение о деликтных обязательствах в советском гражданском праве. – Л.: Изд. 1989. – 151 б.

4. Белякова А.М. Гражданско-правовая ответственность за причинение вреда. – М.: МГУ, 1986. – 148 б.

5. Белякова А.М. Возмещение причиненного вреда. – М., 1984. 91 б.

## НЕКОТОРЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПРАВОВОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ ОТНОШЕНИЙ ПО НАСЛЕДОВАНИЮ

*Кабдолла А.М.*

*Магистрант 1 курса юридического факультета*

*Карагандинского университета имени академика Е.А. Букетова*

Актуальность темы исследования обусловлена тем, что в настоящее время вопросы, связанные с наследованием, требуют от законодателя четкости, предельной ясности и точности формулировок. Связано это со спецификой сферы наследственного права, в которой в той или иной мере затрагиваются интересы каждого гражданина. С другой стороны институт наследования столь консервативен, что кардинальные изменения применить к нему не представляется возможным, поскольку это привело бы к необратимым последствиям. Проблемы, возникающие в правоприменительной практике при реализации гражданско-правовых норм, регламентирующих институт наследования, их не разработанность на теоретическом уровне затрудняет процесс совершенствования гражданского законодательства, регулирующего наследственные правоотношения.

Происходящие на современном этапе демократические явления в обществе и тенденции к построению правового государства, увеличение круга участников гражданско-правовых отношений в связи с развитием экономических отношений, увеличение частно-правовых институтов в гражданском праве в целом повлияли на правовое регулирование института наследственного права.

Изменения и дополнения в Особенную часть Гражданского кодекса РК от 01.07.1999 года, внесли большой вклад в совершенствование правового регулирования института наследования. В частности, правила принятия наследства, оформления наследственных прав конкретизировали вопросы возникновения наследственных прав некоторых категорий наследников, имущественных прав и обязанностей наследодателя, входящих в состав наследства. Это, в свою очередь, является положительной стороной.

Вместе с тем, большинство норм о наследовании, появившихся в гражданском законодательстве Республики Казахстан относительно недавно, до конца не усовершенствованы. Поэтому считаем необходимым раскрыть их теоретическую сущность и дать оценку их практическому применению.

Развитие общественных отношений требует соответствующих изменений в законодательстве, что также связано с изменением быта, изменением требований и потребностей людей. В этих условиях институт наследственного права может остаться прежним, если не выработать новых подходов к происходящим в обществе изменениям. Он, как и все правовые институты, должен отвечать требованиям нового времени. До тех пор, пока эти вопросы не будут проработаны на теоретическом уровне, процесс полного совершенствования гражданского законодательства, регулирующего наследственные правоотношения, не завершен.

Так, вышеуказанные вопросы и вопросы, касающиеся права наследования в теории, правовых норм и правоприменительной практики нуждаются в научно-теоретических